



№26  
(2301)  
Сәрсенбі  
16 сәуір  
2025 жыл

Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



# ТҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

### ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕС ӨТТІ

Облыс әкімі, облыстық Қазақстан Ассамблеясының төрағасы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай кеңейтілген кеңес өтті. Басқосуға жауапты сала басшылары, қала, аудан әкімдері мен зиялы қауым өкілдері, ҚХА мүшелері қатысты.

Аймақ басшысы Ассамблея қызметінің маңыздылығын айтып, өңірдегі ауқымды іс-шараларға тоқталды.

«Баршаңызды береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерекесімен құттықтаймын. Осы жылдар ішінде Ассамблея халқымызды бірлікке, достыққа үндейтін

жалпыұлттық келісімнің негізіне айналды.

Өңірімізде соңғы жылдары маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Құрылыс қарқын алып, ел игілігі үшін әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріміз күн санап өсіп келеді.

Бүгінде барлық аудандағы «Руханият орталықтарында» елдің ынтымағын нығайтуға бағытталған маңызды жобалар іске асырылуда. Орталықтардағы «Қоғамдық келісім» кабинеттері этнос өкілдерінің мәдени-рухани бірегейлігін дамытуға мүмкіндік береді.

Ассамблеяның мерейлі жылында баршамыз үшін қуанышты жаңалық – Қызылорда қаласында жаңа «Достық үйі» салынады. Ғимарат жыл соңында ел игілігіне табысталады. Бұл аймақ жұртшылығының

бірлігі мен ынтымағын нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктерге арналған, барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат болады», – деді Н. Нәлібаев.

Кеңейтілген кеңесте облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары Дильфура Байрақтарова, Ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың жетекшісі Айтжан Оразбақов, ардагер Асылбек Жұмабаев сөз сөйлеп, аймақтағы жетістіктерді атап өтті.

Басқосуда Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 сәуірдегі Жарлығына сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған мерекелік медаль табысталды. Өңірдің әлеуметтік-

экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар марапат төрінен көрінді.

Айта кетейік, бүгінде өңірімізде 30-дан астам этнос өкілдері тұрады. Жерлестеріміз Сыр өңірінің экономика, мәдениет, спорт, білім, ғылым салаларының дамуына атсалысып, еліміздің өркендеуіне үлес қосуда.

Татулық пен келісімнің киелі шаңырағына айналған «Достық үйінде» 11 этномәдени бірлестікке арналған кабинеттер қарастырылған. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай кешенді іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес 100-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Әрбір этномәдени бірлестіктің онкүндігі өткізіліп, ұлттық-мәдени құндылықтар насихатталады.

**Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі**

### ҚАЗАЛЫ ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫНА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ




Қазалы теміржол вокзалы өткен ғасырда ерекше архитектурамен салынған 120 жылдық тарихы бар нысан. Тоғыз жолдың торабында орналасқан, әр тараптан келген жолаушыларды тоғыстыратын ауданның бас қақпасы.

Аудан орталығындағы Қазалы теміржол вокзалына күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Осыған орай, аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет теміржол вокзалына барып, құрылыс жұмыстарымен айналысатын мердігер мекеме және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының өкілдерімен кездесті.

Теміржол вокзалының сырт келбетіне, ондағы жолаушылар мен тұрғындарға жасалған жағдайға қарап өңір имиджі қалыптасатыны белгілі. Соған сәйкес, аудан басшысы мердігерлерге вокзал ғимаратына жүргізілетін күрделі жөндеу жұмыстарын тез әрі сапалы аяқтау керектігін айтты.

Теміржол вокзалын күрделі жөндеуден өткізу – бұл уақыт талабы және стратегиялық маңызды қадам. Бұл жоба көлік қатынасының тиімділігін арттырып қана қоймай, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізетін болады.



Осы орайда, айта кету керек облыс бойынша теміржол вокзалдарына күрделі жөндеу жұмыстары аудандар арасында алғашқы болып Қазалы ауданында басталып отыр.

Вокзал ғимараттары мен аумағын күрделі жөндеу жұмыстары «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы арқылы қаржыландырылатын болады. Эскиздік жобаға сәйкес жөндеу жұмыстары барысында ғимараттың іргетасы мен қабырғаларын нығайту, шатырды ауыстыру және есік терезелерді жаңарту, жолаушыларға арналған

күту залдарын заманауи стандарттарға сай жабдықтау, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдай жасау (пандустар орнату), қауіпсіздік жүйелерін орнату және вокзал аумағын көгалдандырып, түрлі түсті брусчаткалар төсеу секілді бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылатын болады.

Айта кетейік, биыл наурыз айында вокзал жанындағы теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысы басталып, бүгінде көпір құрылысы қарқынды жүргізілуде.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

## АДАЛ ЕҢБЕГІ АРҚЫЛЫ ЕСІМІ АРДАҚТАЛҒАН АЗАМАТ



Айтулы теміржолшы, Қазақстан Республикасы Қазақ теміржолының, Қызылорда облысының «Құрметті ардагері», «Қазалы ауданының құрметті азаматы», КСРО темір жолы қауіпсіздігінің үздігі, екі мәрте озаты, «Құрметті теміржолшы», Қазалы ауданы тораптық теміржол ардагерлері кеңесінің төрағасы, ауданның біртұтар азаматтарының бірі - Жақсылық Мінәтұлы Көрпебаев - 75 жасқа толғалы отыр.

Осы бір тау тұлғалы ардагер азаматпен танысқаным біраз жылдың жүзі болды. Ара-тұра кездесеміз. Өзі де оны-мұны шаруасымен газет редакциясына келіп тұрады. Әңгімелесеміз, осы орайда оның өмірбаянымен таныспын, хабардармын деп айтуыма болады.

Жақсылық Мінәтұлы ауыл баласы, майдангердің ұрпағы. Теміржолдың бойындағы шағын «Майлыбас» станциясында дүниеге келген. Алайда әкеден жастай 6 жасында жетім қалды. Әйтседе әкесінің бейнесі бұлыңғырлау көмескіленіп көз алдында көлбеңдейді. Балғын жастың есінде қалған көріністер соғыстан алған жарақатынан аяғын сылтып басып, қолына үнемі таяқ ұстап жүретіндігі. Тым балажан еді. Жұмыстан шаршап, шалдығып келгеніне, жарым жандығына қарамастан балаларын құшағына алып, тым еркелететінді. Барлық әкелерде де балаларын жанындай жақсы көретін шығар. Әкесінің тым балажандығы бүгінде бұларға өмірден ерте кететіндігін сезгендей көрінетін.

Әкесі өмірден өткен соң отбасының бар тауқыметі анасының мойнына артылды. Үлкен апасы мен ағасы анасына қолғабыс берсе, Жақсылық өзінен кейінгі екі інісіне үнемі қамқор қолын созушы еді.

Жақсылық әкесі қайтыс болғаннан кейін бір жылдан соң «Құмжиек» аулындағы мектептің есігін ашты. Әріп танытып, санауды, жазу, сызуды үйреткен ағай, апайларына рахмет. Солардың арқасында білім есігінің қақпасын ашып, болашақ өміріне қажетті мол қазынаға кенелді емес пе? Сондай-ақ, әкесінің көзін көргендердің Мінәттің ұлы деп іштартып сөйлесетіндері мерейін өсіріп, қуанта түсетін. Осылайша оқушылық өмір жас жеткіншекті ерте есейтті. Анасы мен бауырларына қамқоршы болудың мақсаты оның ойында оқушы кезден-ақ қалыптаса бастады.

Отбасының жағдайына байланысты 8-ші кластан соң оқуын Қазалы қаласындағы Фанни Мұратбаев атындағы №17 орта мектепті жалғастырып орта білім алды.

Жастық шақта адамның белгілі бір мамандықты меңгерсем деген құштарлығы болады ғой. Алпамса денелі бозбала да теміржолшы болсам деп армандайтын. Қазалы станциясы арқылы күнделікті өтіп жатқан пойыздарды тізгіндесем деп қиялдайтын. Сөйтіп, жүргенде туған нағашысы, партия қызметкері Төрехан Кенжебаевтың, тікелей қамқорлығымен Қазалыдағы теміржол кәсіптік-техникалық училищесіне құжаттарын тапсырды. Оқу барысында-ақ мамандық алудың оңай еместігін аңғарды. Алып техниканы меңгеру үшін, жүргізу үшін тиянақты кәсіптік білім

алу керектігін санасымен зерделеді. Ал, темірдей тәртіпке сабақ барысында-ақ мойын ұсынғанды. Жауапкершілік жүгінің салмағында таразылап үлгерді. Тәжірибеден өтуге ерекше мән берді. Ол өндірісте еңбек етуге осылайша мұқият әзірленді.

1968 жылы училищені бітірген соң жолдамамен Қызылорда локомотив депосына жұмысқа жіберілді. Тепловоз машинисінің көмекшісі болып еңбек жолын бастады. Мамандығын меңгеруге ынталанып, тепловоз машинистерінің ақыл-кеңестерін көңіліне тоқып, аз-кем болса да тәжірибе жинақтап, құлшыныспен қызмет атқарып жүргенде Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылды. Жаңа ортасын қимаса да әскер қатарына аттанып кете барды. Ресейдің Чита қаласында азаматтық борышын өтегенде Қызылорда қаласындағы депода тәртіпке бағынып, жауапкершілікті сезініп жұмыс атқарғанының көп пайдасы тиді. Жақсы солдат болуына себепші болды.

есте қалыпты. Алғашқы күннен ағасымен тіл табысып жұмыс атқарды. Ұстазынан үйрене жүріп, тәжірибе жинақтады. Мамандығына шындалды. Кәсіби ұғымталдығында аңғартты. Адамдармен тіл табысуға икемділігін байқатты. Нақтысы міндеттелген жұмысты жауапкершілікпен атқару арқылы көзге түсті.

Жақсылық өзін депо басшылығы тепловоз машинисі қызметіне жоғарылатқанда көп ұлттың мүшелері жұмыс атқаратын үлкен ұжымда еңбектің бағаланатынына әбден көзі жетті. Сондықтан басшылар артқан сенім мен жауапкершілік үдесінен шығу жолында аянбай еңбек етті, ізденді, тәжірибесін толықтырды. Ішке бұққаны, депоның айтулы машинистері қол жеткізген жетістікке жетіп, олармен еңбек сайысына түсу еді. Жылдар өте келе Көрпебаев есімі депоның озат тепловоз машинистерінің алдығы легінде айтыла бастады. Келе-келе депоның маңдай алды машинисі

Ол Москва қаласында өткен Бүкілодақтық теміржолшылардың форумына таңдаулылардың арасынан таңдалып барып, делегат болып қатысты. Олай дейтіміз сол форумға Қазақстан теміржолшыларының арасынан жеті адамның ғана қатысқанын, соның бірі біздің Жақсылық болса қалай мақтаныш етпейсің. Бұл басы ғана. Жақсылық Көрпебаевқа Бүкілодақтық форумда КСРО теміржол қатынастары министрі Н.С.Конрев өз қолымен «I класты тепловоз машинисі» қызыл түсті куәлігін тапсырғанда қалай қуанбайсың. Бұл тепловоз машинисі үшін естен кетпес қуаныш, мерейленген сәт, ұжым абыройын асқақтатқан, мерейге бөленген кезең емес пе? Мұны қалай ұмытуға болады.

Ардақты азамат, майталман теміржолшы Жақсылық Көрпебаевтың адал еңбегі бағаланып, қызмет сатысымен де өрлей берді. Бір жылдан соң депоның нұсқаушы-машинисі қызметіне жоғарылатылды. Екі жылдан соң теміржол отын-май тарту базасының бастығы қызметіне тағайындалды. Бұл қызметті де бес жыл іскерлікпен, жауапкершілікпен атқарды. Одан соң №40-шы Қазалы қалпына келтіру пойызы бастығы қызметіне жоғарылады. Білікті азамат бұл дербес мекемені де үзіліссіз жиырма жыл басқарып, сол жерден зейнет демалысына шықты.

Бар ғұмырын

теміржол саласына арнаған абыройлы азаматтың елге сіңірген еңбегі әр жылдары бағаланып, мақтау марапаттарға ие болды. КСРО теміржол қатынастар министрлігі мен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының, Батыс қазақстан теміржол басқармасы мен Қызылорда облыстық теміржол бөлімшесінің грамоталарымен бірнеше рет марапатталған. Облыс әкімдігімен мәслихаттың алғыс хатын иеленген. Кезінде аудандық советке, аудандық мәслихатқа депутат болып сайланғанын айтсақ артық айтқандық болмас.



Жалындап тұрған қайратты жас жігіт әскерден оралған соң мамандығына сай жұмыс істеуге мүмкіндік болмаған соң Қазалыдағы локомотив депосына жұмысшы болып қабылданды. Басшылардың «жұмыста өзінді жақсы қырынан көрсете алсаң, мамандығыңа ауыстырамыз» деген сөзі қамшы болды да жұмысын алаңсыз атқара берді. Сапалы еңбек етті. Жауапкершілік танытты. Сол арқылы сенімге ие болып, тепловоз машинисінің көмекшілігіне ауыстырылды. Алғаш рет байырғы машинист Матығұл Көжебаевпен сапарға бірге шыққаны

атанды. Қалай дейсің ғой, техникалық қауіпсіздікті қатаң сақтады. Өндірістік көрсеткіштерін өзге әріптестеріне қарағанда асыра орындады. Тіпті байырғы машинистерден де еңбек бәсекесінде алға шықты. Көрпебаев қабілет-қарымын осылай көрсетті. Майталман теміржолшы атанды. Депоның бетке ұстар шамшырағына айналды. Жақсылық Көрпебаев есімі деподан асып, жоғары органдар назарына ілікті. Оған мына факті нақты дәлел.

1986 жылы Қазалы локомотив депосының тепловоз машинисі Жақсылық Көрпебаев айды аспанға шығарды, деп айтуға болады.

## ӘЛІМ АЛПЫСБАЙ МОЛДА



(Жалғасы. Басы 24-25 санды)

Мысалы, сөз басында кете жігіттің атынан, «Кесесі сегіз сүйем, бойы шажын, / Көргенде шошынарсың қарасын-ай. / Сегіз пұт, ет пен майы, сүйек бес пұт, / Қоямыз он үш пұтқа шамасын-ай» дейтіні бар ғой. Көне өлшемдегі сажень есебіне тартсақ, қыздың бойы 2.16 метр, кесесі, яғни жуандығы сегіз сүйем – бір сүйемді орта есеппен 13 сантиметрге қойғанда да, бір метр. Әрине, содан кейін, «Көргенде шошынарсың қарасын-ай» демей көр. Егер ет пен майы «сегіз пұт», сүйек «бес пұт», бас-аяғы «он үш пұт» болса, қызың оңай сойдан емес, тұп-тура артық-кемі жоқ 208 келі. Мұндай түр-тұрпат, сой-салмақтағы «сұлмен» айтысуға да ерекше жүрек керек екені айтпаса да түсінікті. Мұның жайы «Ол қызбен айтысам, – деп келген адам, / Ақырда содан күтеді қазасын-ай» деп әуелде ескертіледі. Алдыңғы, киімнен басталған тым нәзік сурет пен мына кескін кейіптеу арасындағы күшейтпелі контраст – қарама-қайшылықтарға гипербола мен литоталық фигуралар өлшемінің өзі әрең сыйып тұр.

Е, мұны «кетенің» құтыртпа сөзі шығар деп те ойлап отырған боларсыз. Ендеше, міне, қыздың дене-бітіміне қатысты өз мәлімдемесі: «Жүруге тыр жалаңаш ұяламын, / Лайық шақ келмейді кисем киім». Паһ, шіркін, қыз болғаныңа, ұят демесең тыр жалаңаш тайраңға да теріс емес. Осы жайдың бәрін көзімен көре тұрып, молдекең өзін қамшылап, «Сенбесең өз кеуіліңе келмес едің» деп көтермелеуі де ғажап. Айтқандай-ақ, молдекең де «Бір таудың тұйғыны еді шаңқылдаған!» Иә, Паналымен ұшырасып, айтысып, сөз сайыстыру үшін ел адақтаған молда өз әлеуетіне кәміл сенген соң ғана барғаны анық. Бірақ, екеуінің сөз қайымы, ауызекі айтыстан гөрі, негізінен діни білім-білік, ақыл-парасат, ой-түйсік, пайым-пардаға жүгінетін жазбаша, жұмбақ айтыс әдістеріне негізделгені әр-әр жерден байқалып тұрады.

Кіріспеден соң баяндалатын шағын қара сөзде айтылатынын дай, ілік издесе, Паналының ілгіш болар міні мынау: бірі – «...әкесі Байғорым қызын жасында біреуге беріп қойған. Бірақ сол күйеуінің көзі соқыр болғасын, қыз тимей, «Мені кімде-кім ай-

тысып, жеңіп алады» деп айтысып, қазір Ұлы жүз, Орта жүзді жеңіп...», «осы кезде жасы жиырма беске келіп отыр». Әрине, қай-қайсысы да оңай мін, осал айып емес. «Сонымен, молдекеңнің қызды ауылдың тұсына келіп, ат үстінен сусын сұрап тұрған жері». Айтыс осылайша сипаттама жыр, түсіндірме кіріспе сөзден басталады. Молдекең «ә» дегеннен «Ау, қыздар, бір ішкендей айран бар ма? / Серт жаман уағдадан тайғандарға» деп ақтарылады.

Содан соң жол жүрген жолаушының мүсәпірлік халі «Төрім де, өз үйім жоқ тайрандарға» деген сыңар жол арқылы суреттеледі. «Шұбат ішсең, атыңнан түс», «Біздің ел сахауаттың дариасы» деп шалқитын, өзіне деген сенімділігінде селкеу жоқ қыз, «Жел сөзге желіккенше тоқталмаймын, / Қойымнан шығарамын буат-буат» деп күш көрсете түседі. Екеуінің де сөзінің мөрі діни сауатты екендерін байқатады. Десек те, «Байғорым – әкем аты... сіңлім Жыға» дейтін дін оқуы кемел Паналының молдаға деген көңілі мынадай: «Машхарда тозақ оты арам» дейді, / Бір ақшам дидарыма етсең тәуап». Тақуалық-мистикалық бағыттың жетегіндегі «ахун, пірден бата алған; он бір жасында халыққа пір атанған» қыз Аллаға сыйынып, әулие Қарабұрадан жәрдем тілеп, жар болуын сұрап, «Яссауи, Бабатүкті, Қожа Ахмет, / Дұшпанға ар жіберме елімізден» деп зар жылайды.

Әккі молданың қыз байғұсты торға түсірер жері белгілі ғой, «Біз де бар тас кесетін алмас қылыш, / Сіздің һәм әзір болса қынабыңыз» деп ұят пердесін сілкіп тастап, ер мен әйелдің жаратылысындағы мәңгі кертені көлденең тарта келіп, өктемдікпен бір тұқыртып алып, әуелде «кете жігіт айтты» дейтін негізгі мінге көшеді. Қармағын салған молдекең, «Белгілі, жиырма беске жасың толып, / Ілгері кеткен екен заманыңыз» деп тұқырта түседі. Содан соңғы дегені: «Шырағым, жарың бар ма, жалғызбысың, / Нағылып бұл шамаға шыдадыңыз?» Тайлақтай тапырақтап, тұтқиылдан тап-тап беретін молданың сөзінен ығып, сөзге қонақ берген ізгі заманның өкілі амалсыздан, «Өзімнен басым жүйрік кез келген соң, / Қорқамын «сонда көзім алаңдар» деген сәттен бастап, молдекең үстін-үстін төпелеп, «Жүргенде тізгін қолда, тіл ауызда, / Әйелге еркек түгел бәйге бермен» деп басы-көзіне қарамай, бастырмалата жөнеледі. Қыз байғұс не десін, «Ағасың бұрын көрген күн мен айды, / Молдеке, сіз білмейсіз біздің жайды» дегеннен әрі аса алмаған жолы жіңішке ақыры «Молдеке, не қылғаным адасқаным, / Сіздермен айтар сөзге таласқаным?» деп өзінің қай жағынан да осал түсіп тұрғанын мойындайды.

Бірақ дүбірге еті қызып, «Жарқылдайт таудың тасы шақпақ оттай, / «Шу» десе от шығады тұяғымнан» деп екіленіп («Жүйрік – деп қоңыраттың бір байталы»), шабыт тұғырына көтеріліп алған молданың қыжыртқаны былай

тұрсын, талайсыз «таңдауын» бетіне салық етіп, «Қоңырат қатарына қыз қосқанда, / Сондағы соқыр ма еді таңдағаның?» деген сөздермен ойқастатып, оскылап өтеді. Соққы үстіне тиіп жатқан тым ауыр «соққылардан» қыздың аянышты халін ғана байқауға болады.

Мәтін бойында «қыз бала» деген тұрақты сөз тіркес қыз бен жігіт жарасымына тән, қайталама ұйқас түрінде емес, сөз басында ғана тоғыз жерде ұшырасатын, тұрақты формул аралас қайым өлең де көрініс беріп отырады. Үшінші мәрте қайымдасудың соңында «Сізден мен ақын болсаң сөз сұрайын, / Бір нәрсе салбырап тұр басы көктен» деп молдадан алған «үлгі» негізінде қарсыласына екіұштылау етіп сауал тастап, оған «Күн нұры көктен төмен салбыраған, / Пара-пар раушаны көк пен жерден» деген толымды һәм сауатты жауап алатын қыз, молданы сүріндіру үшін бұл тәсілді үш мәрте қолданады. Сөйтіп, қыз қандай айла-шарғыға жүгінсе де бір елдің «кезенеілі жүйрігі» шашасына шаң жұқтырмайды.

Мұнан әрі жұмбақ айтыстың шебері Паналы қыздың «Қоңырат жұртының орысқа бағынбайтыны, қазақ құрама деп білетін Алтай – Қарпық байлары іздесең үш Алаштан табылмайтыны, елінің байлары «сасық» деп аң ішігін жамылмайтыны, қарилары Құран оқыса, бастан-аяқ жаңылмайтыны, қырық жасаған қыздары да кеткенше жаманатқа таңылмайтыны» жайындағы ғажап уәждемелері де тізе бүкпеуіне себеп бола алмаған сияқты. Олай болса, әзірге қазақ фольклортану ғылымының қамбасына осындай бір ғажап айтыс үлгісі келіп түскенін сүйіншілейік. Ал келешекте Алпысбай мен Паналы қыздан жеткен «аманат», қазаққа бір емес, екі бірдей сөз иесінің ерен есімін таныстырған шығарма өз алдына зерттелуі тиіс.

### Төл топырағы «молда» атандырған тұлға

2024 жылдың 5 қыркүйегі болатын. Қол телефоныма түскен қоңыраубезектепкетті. Қазалыдан хабарласып тұр екен, «есімім – Гүларша, әкем – Хұсайын, әлім Алпысбайдың немересімін» дейді. Сол төңіректе өткен қасиет иелері Қарабұра, Қуандық, Қарамолда, Қани жайында еңбектеніп, ел адақтап, қанша жыл Алпысбай молда мұрасының хабарын шығара алмағанын айтып шырылдайды. Екеуіміз біраз әңгімелесіп, сөз төркініне тереңдегеннен кейін, менің ойыма осыдан отыз жеті жыл бұрын «Сөлтүресте», алтынбай Жаппарберді жыраудың немересінен көшіріп алып, сары алтындай сақтап жүрген қолжазба жайы, сондағы «Алпысбай мен Паналының айтысы» деген шығарма сап ете түсті. Е, дүниелер арасындағы «тылсымың» осы екен ғой. Сақтағысы келсе, шебер Құдай қалың қаудан жалғыз тал қамысты құдіретімен аман алып қалады екен. Мен сол сәттен бастап, қолжазбасына ұзақ жыл иелік етіп, әнін салып жүрген әлім Алпысбай молданың шығармашылығына ден қойдым.

Алты ата Әлімнің ұрпағы Кішкене Есенәлі баласы жайын-

да жазылған шежірелер қатары баршылық. Ел ішінде есімін түрлі аңыз мұнары кіреукелей бастаған сол жарықтықтың алты баласының бірі – Құрманайдың төрт ұлының үшіншісі Қожет есімді ержүрек ереннен тараған үш тармақтың бірі Олжабай екен. Ол жайында ел арасындағы ауызекі әңгіме, қария сөздерден, кейінгі шежіре жинақтарынан түрлі мәліметтер көзін ұшыратуға болады. Мысалы, Қожет Құрманайбаласы, оның кейінгі үрім-бұтағы жайында жазылған жинақтың авторы Жаңабарген Өтепбергенұлы біз сөз етіп отырған Олжабай батыр Қожетұлы жайында біраз мәлімет береді (Өтепбергенұлы Ж. Кішкене шекті. Құрманай баласы Қожет. – Ақтөбе: «Литер-А». – 2012. – 212 бет). Батыр жайында, оның әртүрлі ұлттан (қазақ, түркімен, қарақалпақ, естек) таңдап жүріп төрт әйел алғанын, «заманында үлкен жорықтарға қатысқанын», мұның негізін көрсетілген басылымнан алғанын «Атадан қалған аманат» мақаласында өлкетанушы Г. Хұсайынқызы да жазады. Олай болса, бұл мәліметтер мұрағат қорындағы тарихи құжаттармен беттестіре қарауды, сөйтіп, өзегіне өрген негізді ажырата түсуді қажет етеді.

Батырдың қазақ әйелінің бауырынан өрген ұлы Сәрік Олжабайұлы (1757–1839) малға да, жанға да бай, төрт түлігіне мейірімі келмейтін мырза болыпты. «Сәрік айы-күні жетпей шала туған. Сондықтан, біраз уақыт тымақта жатқан» деген сөзді қожет Байкөбек ишан баласы Шәріп мақсұмнан естіп, «...бірде, Олжабай батыр көшіп келе жатқанда қоршаудың ішінде, тымақта жатқан шарана Сәріктің тымақпен бірге арбадан түсіп қалғанын, көш тізгін тартқанда нәрестенің жоғын бір-ақ білгенін, әбігерге түсіп жатқанда бір Құдайына қараған туысы батырға баласын әкеліп бергенін, сонда Олжабай «тымақты баланы» жеткізгенге, «Тірі болса Сәрік сен үшін екі рет ат шаптырып, ас берер» деген деректі мәлімдеуші Г. Хұсайынқызы әке сөзін есінде мықтап сақтаған Сәрік, кейін әлгі, «тауып алған» ағасы дүниеден өткен соң, «екі рет ат шаптырып, ас бергізген көрінеді» дейді.

Қалай десек те, Сәрік тегін адам болмаған сияқты. Кейінгі ұрпақтары оны бірде «Самарқанның бегі», кейде «Хиуада бас уәзір» болған деп дәріптейді. Мәліметіне құлақ асып, ден қойсақ, «Хиуада Сәрікпен бірге Ақжол мен Айтуар және үлкен ұлы Естек те бірге болыпты». Артықбай ишан баласы Шалабай мақсұмның айтуынша, заманында «Сексен үй Сәрік, елу үй Қонысбай» атанған деген уәлі сөз жеткен. Ең қызығы, кейінгі ұрпақтары сол Сәрік мырзаны «тоғыз», кейде «он үш» әйел алыпты, «отыз баласы болыпты» дейді. Алайда, ұрпақтары Айжан (жалайыр қызы), Ауа (қарапалпақ қызы), Мырзабике (қазақ қызы), Қарақыз (жәуміт түрікмен Аманолла бектің қызы) есімді төрт әйелден тараса керек.

(Жалғасы бар)

Берік ЖҮСП, фольклортанушы

## АДАЛ ЕҢБЕГІ АРҚЫЛЫ ЕСІМІ АРДАҚТАЛҒАН АЗАМАТ

(Соңы. Басы 2-ші бетте)

Бүгін де ардақты азамат жетпіс бес жасқа толғалы отыр. Әйтседе Қазалы тораптық теміржол ардагерлері кеңесінің төрағасы қызметін қоғамдық негізде атқарады. Сондай-ақ зейнеткер ауданның қоғамдық өміріне белсене араласады. Көпшілік өтініштеріне құлақ түре жүреді. Ол жайында өзі былай дейді:

-2018 жылы аудан әкімі Мұрат Нәлқожаұлы Ергешбаевтың қабылдауында болдым. Аудан басшысына кенттегі Счастнов көшесінің бас жағындағы теміржолшылар отбасы тұрған екі қабатты тұрғын үйдің тозығы жеткенін, әлі күнге жылу, су жүйелеріне қосылмағанын айттым. Сондай-ақ, «Қызылорда-Астана» қаласы аралығына қатынайтын пойыздың Шу арқылы емес, Қызылорда, Қазалы, Арал, Сексеуіл бағытында жүруіне қолдау көрсетуін өтіндім. Аудан басшы-

сы мені түсіністікпен қабылдады. Кейін тиісті орындар арқылы Счастнов көшесі бойындағы көне екі қабатты үйлерге жөндеу жұмыстары жүргізілді, үйлер жылу, су жүйелеріне қосылды.

«Қызылорда-Астана» қаласы аралығына қатынайтын пойыздың жүру бағытын өзгерту жөнінде аудан әкімінің қолдауымен, өзімнің шапқылауыма тура келді. Тұрғындар өтінішін Қызылорда облысының темір жол бөлімшесі басшыларына жеткіздім. «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясының басшыларының есігін қағуға да тура келді. Әйтеуір үлкен басшылар оң қабақ танытып, тұрғындардың өтінішіне түсіністікпен қарады. Оған да шүкір, қазір «Қызылорда-Астана» пойызы Қазалы, Арал, Сексеуіл халқы үшін тиімді бағытпен қатынауда. Сондықтан халық өтінішіне құлақ түрген, сергек қараған басшыларға

ризашылығымды білдіремін.

Еңбек ардагері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Беганыш Жақсыбаев замандасы Жақсылық Мінәтұлының бір ғана имандылық ісін сүйсіне әңгімелегені барды.

- Жақсылық Көрпебаев бастамашы болып өзі туып өскен «Құмжиек» аулының шығыс бетіндегі шектесіп жатқан қорымды (онда Жақсылықтың анасы, әкесі, баласы жерленген) қоқыстан тазартқан, зиратты тікен сыммен қоршап, қорымның кірер аузына қақпа, адам кіретін есік орнатқан. Жаяу адамдар жүретін тротуар салынған. Қорымға барған адамдар жазда көлеңкелеп, демалып отыратын орынның төбесі шиферленген, орындықтар орнатылған. Зират ішіндегі қоқыстар тазартылған. Жақсылықтың жақсы бастамасына Қ.Пірімов аулының тумалары, белгілі азаматтар: Әділбек Сарабеков, Сейілхан Артықбаев, тағы

басқа белсенді азаматтар қолдау көрсеткен,-деді зейнеткер, мешіт қызметкері Беганыш Жақсыбаев.

Жетпіс бес жастағы айтулы теміржолшы, әулеттерінің ақсақалы, үлгілі отбасының басшысы Жақсылық Көрпебаев зайыбы Мағрипа екеуі алтын асықтай бес бала тәрбиелеп өсірді. Олардан сүйкімді он екі немере, екі шөбере сүйіп отыр. «Алтын тойын» өткізіп қуанышқа да бөленді. Еліне абыройлы азамат мұсылмандықтың бір парызын өтеу мақсатында зайыбы Мағрипа екеуі Мекке, Мәдина қаласына қажылық сапарымен барып та қайтқан.

Сөз соңында жаны жайсаң азамат Жақсылық Көрпебаевты жетпіс бес жасқа толуымен құттықтап, отбасына амандық, дендеріне саулық, ұзақ өмір, қуанышты көңіл күй, абырой биігіне көтеріле беріңіз деген тілектестік білдіремін.

**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

### ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢАДАН ҚҰРЫЛАТЫН КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР: ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қазақстан Республикасын да жүргізіліп жатқан сот жүйесін жаңғырту аясында 2024 жылдан бастап жаңа кассациялық соттар құру туралы шешім қабылданды. Бұл қадам елдің құқықтық жүйесін жетілдіру, азаматтардың сотқа қолжетімділігін арттыру және әділ сот төрелігін қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған маңызды реформа болып саналады.

Кассациялық сот – сот жүйесінің жоғары сатысындағы орган болып табылады. Ол

төменгі соттардың шешімдерінің заңдылығын және негізділігін тексеруге бағытталған. Яғни, апелляциялық сатыдан кейін келіп түскен шағымдарды қарастырып, сот актілеріне соңғы құқықтық баға береді.

Сот реформасы – Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамуының басымы бағыты. Қолданыстағы жүйеде кейбір істердің ұзаққа созылуы мен біркелкі тәжірибе қалыптаспау мәселелері туындағаны белгілі. Жаңадан

құрылатын кассациялық соттар:

Сот істерін қараудың сапасын арттыруға;

Азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге;

Бірыңғай сот практикасын қамтамасыз етуге;

Заң нормаларын біркелкі түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жаңа кассациялық соттар дербес құрылым ретінде жұмыс істейді және белгілі бір санаттағы азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істерді қарайтын болады. Бұл соттарға жоғарғы

білікті судьялар тартылады. Сонымен қатар, сот процесінің ашықтығы мен әділдігі басты назарда болады.

Кассациялық соттардың құрылуы – Қазақстан сот жүйесінің жаңғыру жолындағы нақты әрі сапалы қадамы. Бұл реформа сот билігіне деген сенімді арттырып қана қоймай, елдегі құқық үстемдігін нығайтуға бағытталған.

**Серік БЕРТАЙ,**  
Қазалы аудандық сотының судьясы

### ХАЛЫҚТЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАМАТТЫЛЫҒЫ САЛАСЫН БАҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДАҒЫ САТЫП АЛУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласын бақылау мақсатындағы сатып алу өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды құрал болып саналады. Негізгі мақсат-өнімнің техникалық регламенттер мен стандарттарға сәйкестігін тексеру, бұл қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін өнімдерді анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласын бақылау мақсатында сатып алу «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласын бақылау мақсатында сатып алу-

ды жүзеге асыру қағидаларын бекіту» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы №46 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Техникалық регламенттердің талаптарына және (немесе) Одақтың Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін өнімді алып қою және кері қайтарып алу-ды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлердің тиісті емес өнімді алып қою және кері қайтарып алу туралы жедел ден қою шараларын қолдану туралы қаулысы қабылданды.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті дүкендерде өнімді таңдау кезінде бірінші кезекте жеңіл оқылатын тауардың атауы, дайындалған күні, шарттары мен сақтау мерзімдері көрсетілген мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс тауардың таңбалануын зерделеу қажеттігін ескертеді. Сондай-ақ құрамы, тағамдық қасиеттері, ерекшеліктері және өндіріс орны туралы ақпарат көрсетілуі қажет. Өнімді ЕАС белгісімен таңбалау тауардың сертифицикаттаудан немесе сәйкестікті декларациялаудан, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талапта-

рына сәйкестігін растаған барлық қажетті зертханалық сынақтардан өткенін көрсетеді. Тауарды сатып алмас бұрын сатушыдан декларация, сәйкестік туралы сертификат, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік сияқты тауардың сәйкестігін растайтын құжаттарды талап ету қажет. Ұсынылған СРҚ тауардың тиесілігін өнім мен СРҚ-да көрсетілген сәйкестендіру белгілерін (өндірушінің маркасы немесе тауардың артикулы және оның атауы) салыстыру арқылы тексеруге болады.

**Жансая ЗИНЕЛАБДИН,**  
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маман

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР**  
**Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР**  
**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.